

Жезқазған қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 901/12 "2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 28 сәуірдегі N 11/28 қаулысы. Қарағанды облысы Жезқазған қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 мамырда N 8-2-88 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 14 қаңтардағы N 01/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2010.01.14 N 01/01 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 Заңына сәйкес, Жезқазған қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Жезқазған қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 901/12 "2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 2009 жылғы 14 қаңтарында N 8-2-75 тіркелген, "Сарыарқа" газетінің 2009 жылғы 16 қаңтарында N 5, "Жезказганская правда" газетінің 2009 жылғы 16 қаңтарында N 2 жарияланған), мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген "2009 жылы жұмыссыздар үшін ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың тізімі" қ о с ы м ш а с ы н д а :

реттік нөмірі 8 жолдың 3-бағанындағы "160" деген сандар "110" деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 10 жолдың 3-бағанындағы "10" деген сандар "50" деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 10 жолдың 4-бағанындағы "құжаттарды реттеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуге" деген сөздерінен кейін "және құқық бұзушылықтардың профилактикасына" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 15 жолмен толықтырылсын:

15.	"Қазақавтожол" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қарағанды облыстық филиалы ЖПУ-44	10	Республикалық маңызы бар автокөлік жолдарының жол бойы бөлігіндегі қоқысты тазалау
-----	--	----	--

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.В.
Ф и л и п о в и ч к е ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі

Қ. Балмағамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК